



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

010000, Астана, Мәжіліс Парламенті

201_ жылғы “ _____ ” _____
№ _____

«__» _____ 201__ года
№ _____

2017 жылдың 1 наурызында жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
Е.А. Біртановқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Елжан Амантайұлы!

Кейінгі кездегі белгілі оқиғалар халықтың өміріне тікелей қатысты шешімдердің қай-қайсысы да жан-жақты түсіндірілуі қажеттігін, оларды қалың жұртшылық қолдап қабылдай алатындай болуға қол жеткізілуге тиісті екендігін тағы да көрсетіп беріп отыр. Осындай шешімдердің бірі – Елбасының Ұлт жоспарына, оның 80-ші қадамына сәйкес қабылданған «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заң. Онда көзделген аса маңызды реформа әрбір адамның күнделікті өміріне және басты байлығы – денсаулығына қатысты болғандықтан оған ешкім де бейжай қарай алмайтыны белгілі.

Бұл Заңға қатысты да белгілі бір дәрежеде түсініспеушілік туындауы әбден мүмкін сияқты көрінеді. Атап айтқанда, ауылдық жердегі тұрғындардың талайы, тіпті көбі деуге де болады, тұрақты жалақы алмайтын, өзін өзі жұмыспен қамтыған адамдар. Олар үшін жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар жасай алмайды, олардың арасынан Заңда белгіленген тәртіппен аударымдарды және жарналарды есептеуді, ұстап қалуды, әлеуметтік

медициналық сақтандыру қорына аударуды, төлеуді жүзеге асыратын тұлғаға айналу мүмкіндігі табыла бермейтін немесе әртүрлі себеппен одан бас тартатын адамдар кездесуі де мүмкін. Әрине, олар үшін мемлекет тарапынан көрсетілетін міндетті медициналық көмектің белгілі бір бөлігі сақталатыны белгілі. Алайда, бұл жағдайды басқаша түсіндіруге тырысатындар табылмайды деп айта алмаймыз. Сондықтан Сіз басқаратын министрлік осы мәселеге айрықша сезімталдықпен қарайды, жұртшылық арасында кең көлемді түсіндіру жұмысын жүргізеді, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізуді өз уақытында, артық дау-дамайсыз қамтамасыз етеді деп сенгіміз келеді. Уақыт аз қалды. Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында «Биылғы 1 шілдеден мемлекеттің, жұмыс берушілердің, азаматтардың ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті медициналық сақтандыру жүйесі (ММСЖ) енгізіле бастайды» деп атап айтылды. Демек, 4 ай ғана қалды. Жақында облыстарда іссапарда болғанымызда осы мәселе бойынша ауыл адамдарының мағлұматы әлі де жеткіліксіз екендігіне көзіміз жете түсті.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Заңның қағидаларын түсіндіру тұрғысынан атқарылатын, ойластырылған, қолға алынып жатқан жұмыс жөнінде тиісті заңнама талабына сәйкес жазбаша хабардар етуіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған Мәжіліс депутаттары:

**С.Абдрахманов
Н.Жұмаділдаева
Р.Ким
Н.Микаелян
А.Мурадов
Ш.Нурумов
Ю.Тимощенко
Ш.Хахазов**